

Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 14 желтоқсандағы N 195 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 28 желтоқсанда N 7-4-123 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 25 қаңтардағы N 29 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің 2012.01.25 N 29 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңының 28 бабының 6 тармағын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабын басшылыққа ала отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бөкей ордасы аудандық аумақтық сайлау комиссиясымен (келісім бойынша) бірлесіп Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауында және Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезекті сайлауында барлық кандидаттарына үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Барлық ауылдық округ әкімдері үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін белгіленген орындарды стендтермен, тақталармен, тұғырлықтармен ж а р а қ т а н д ы р с ы н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Л. Т. Қайырғалиеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *Р. Карин*

КЕЛІСІЛДІ:

Бөкей ордасы аудандық аумақтық комиссиясының төрағасы
М. Т. Махимов

15.12.2011 ж.

2011 жылғы 14 желтоқсандағы
N 195 аудан әкімдігінің қаулысына
қосымша

**Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс
сайлауында және Қазақстан Республикасы
мәслихаттары депутаттарының кезекті
сайлауында барлық кандидаттарына үгіттік
баспа материалдарын орналастыру үшін
орындар**

N	Ауылдық округ атауы	Елді мекен атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары
1	Бисен	Бисен	Мәдениет үйі ғимаратының алдыңғы жағы, Б. Жанекешев көшесі, N 18
2		Жиекқұм	Ауылдық клуб ғимаратының алдыңғы жағы
3		Көктерек	Ауылдық клуб ғимаратының алдыңғы жағы
4		Жамбыл	Бастауыш мектеп ғимаратының алдыңғы жағы
5	Мұратсай	Мұратсай	Мәдениет үйі ғимаратының алдыңғы жағы, Абай көшесі, N 24
6		Тайғара	Бастауыш мектеп ғимаратының алдыңғы жағы
7		Әжен	Ауылдық клуб ғимаратының алдыңғы жағы
8	Орда	Хан Ордасы	Мәдениет үйі ғимаратының алдыңғы жағы, Жәңгір хан көшесі, N 37
9		Қарасу	Бастауыш мектеп ғимаратының алдыңғы жағы
10		Үштерек	Бастауыш мектеп ғимаратының алдыңғы жағы
11		Сейтқали	Бастауыш мектеп ғимаратының алдыңғы жағы
12		Макар	Ауылдық кітапхана ғимаратының алдыңғы жағы
13	Сайқын	Сайқын	Мәншүк Мәметова атындағы жалпы білім беретін орта мектеп ғимаратының алдыңғы жағы, Т. Масин көшесі, N 9
14			Мұхамед-Салық Бабажанов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп ғимаратының алдыңғы жағы, М. Бегалиева көшесі, N 8
15			Аудандық мәдениет үйі ғимаратының алды, Т. Жароков көшесі, N 2
16		Жәрмеңке	Ауылдық клуб ғимаратының алдыңғы жағы
17		Мәмбет	Бастауыш мектеп ғимаратының алдыңғы жағы
18		Шоңай	Ауылдық клуб ғимаратының алдыңғы жағы
19		Саралжын	Саралжын
20	Бескөл		Бастауыш мектеп ғимаратының алдыңғы жағы
21	Темір Масин	Бөрлі	Мәдениет үйі ғимаратының алдыңғы жағы, Губашев көшесі, N 23
22		Тереңқұдық	Бастауыш мектеп ғимаратының алдыңғы жағы

23	Ұялы	Ұялы	Мәдениет үйі ғимаратының алдыңғы жағы, Т. Әубакиров көшесі, N 7
24		Кеңой	Бастауыш мектеп ғимаратының алдыңғы жағы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК